



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2014» атты
IX халықаралық ғылыми конференциясы

IX Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2014»

The IX International Scientific Conference for
students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION-2014»

2014 жыл 11 сәуір
11 апреля 2014 года
April 11, 2014



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2014»
атты IX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
IX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2014»**

**PROCEEDINGS
of the IX International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2014»**

2014 жыл 11 сәуір

Астана

УДК 001(063)
ББК 72
Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2014» атты студенттер мен жас ғалымдардың IX Халықаралық ғылыми конференциясы = IX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2014» = The IX International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2014».
– Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2014. – 5831 стр.
(қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-610-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001(063)
ББК 72

ISBN 978-9965-31-610-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университеті, 2014

URL: http://gocn.southcn.com/dzkw2010/hqyhr/1Z201009/t20100907_116065.htm (дата обращения: 15.01.2010).

8.Yeung Wai-Chung. The Internationalization of Ethnic Chinese Business Firms from Southeast Asia: Strategies, Processes and Competitive Advantage [Electronic resource] // Faculty of Economics, Thammasat University.

URL:<http://econ.tu.ac.th/archan/rangsun/MB663/MB663Readings/3.OverseasChineseCapitalism/InternationalizationofEthnicChineseFirmsfromSEAsia.pdf>

(access date: 24.02.2010).

9.Zhuang Guotu. Lun Zhongguo ren yimin dongnanya de si ci dachao (Размышления о четырех волнах китайской эмиграции в Юго-Восточную Азию) // Nanyang wenti yanjiu. 2008. № 1. P.78-79.

УДК 82: 94 (=512.1)

ХИБАТ-УЛЬ ХАҚАЙЫҚ ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ БАҚЫТ ТҮСІНІГІ

Бегімтаев Шыңғыс

begimtay@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің оқытушысы, Астана, Қазақстан

Ахмет Йүгнеки (Ахмет Махмұдұлы Жүйнеки) – XII ғасырдың орта кезі-XII ғасырдың бас кезінде өмір сүрген аса көрнекті ақын, кезінде Қарахан мемлекеті халықтарының арасында өте танымал болған ғалым.

Ахмет Йүгнеки Сыр бойындағы белгілі қалалардың бірі Жүйнекте (қазіргі Оңтүстік Қазақстан Облысы, Түркістан ауданы) туып өскен. Ахмет Йүгнекидің өмірі мен ақындық қызметі жайында мәлімет жоққа жақын. Дегенменен дастаннан ақынның өзі туралы кейбір деректерді табуға болады. Дастанды ертеректе көшіріп жазған каллиграфтар шығарманың авторына қатысты мәліметтерді өз тараптарынан қосып жазған [1,177-б]. Авторы белгісіз төрт жолдық өлеңде оның көзі соқыр(қараңыз 485), ал Әмір Сейфеддин жазған төрт жолдық өлеңде оның «біртуар ақын, фазыллар башы» болғаны (489) айтылады. Ақын өзінің туындысын Дад Ыспахсалар Бекке сыйлаған [2,83-б].

Ахмет Йүгнекидің біздің заманымызға дейін жеткен жалғыз шығармасы бар. Ол – «Ақиқат сыйы» немесе «Шындық сыйы» деп аталатын дастан [3,177-б]. Автор өз еңбегінің соңғы бабында (469-жол) өзін Әдіб Ахмет деген атпен танытады. Араттың ойынша бұл есім емес, кісінің атағы болған. Әдіб – зиялы, оқыған, ақын деген мағыналарды береді. Бұл атақ оған «Хиба-уль Хақайық» үшін берілген жоқ, демек оның осыған дейін көптеген жазған туындылары болған болуы тиіс дейді Р.Арат. Арслан Тархан жазған он шумақтық жолда шығарманың «Қашқар тілінде», яғни ескі жазба тілінде жазылғаны туралы мәлімет бар. Өзірше ұлы ақын туралы еш дәйектеріміз жоқ десек болады [2,111-б].

Нақты қай жылы жазылғаны белгісіз, бірақ «Құтты біліктен» шамамен елу жылдан кейін жазылған болу керек деген тұжырым бар. Ғалымдар оны XII ғасырларға жатқызып отыр [4,144-б].

Кітаптың аты әр жерде әртүрлі жазылған. Бір жерде Атабатұл Хақайық (қараңыз 497-398) кітабы, бір жерде Адбетұл Хақайық, Хибадұл Хақайық, Хибатұл Хақайық, Хибет ол Хақайық, Ғайбатұл Хақайық [5,15-б].

Ақиқат сыйы – 256 жолдан құралған дидактикалық сарында жазылған шығарма. Дастан сюжетке құрылған емес. Шығарманың әрбір тарауында белгілі бір мәселе төңірегінде әңгіме қозғалады, автор жырлары арқылы оқушысына ақыл-кеңес беріп отырады. Бұл дастан өзінің көтерген тақырыбы мен идеялық мазмұны жағынан ақын өмір сүрген феодалдық қоғамдағы моральдық ұғымдар мен мінез-құлық нормаларының жиынтығы болып келеді. «Құтты білік» шығармасына негізделіп жазылған (Р.Арат бұл пікірді жоққа шығарған) [2,134-б] кітап Аллаға айтылған мадақ, Пайғамбарға айтылған мадақ, төрт сахабаға айтылған мадақ, Әмір

Мұхаммет Дад Ыспахсалар Бекке айтылған мадақ пен автор туралы берілген мәліметтен тұрады [6,84-б].

«Хибат-уль Хақайық» шығармасының бөлімдерінен оның түркі-мұсылман мәдениеті төңірегінде адамдарды тәрбиелеу мақсатында жазылған әдеп кітабы болғанын көруге болады. Автордың ойлары жиі-жиі Құран аяттарымен және хадистермен, сонымен қатар басқа араб тілінде жазылған жырлармен ұштасып жатады. Ахмет Йүгінекі өз ойын айтудан гөрі, аяттар мен хадистерді түркі тіліне аударуға тырысқан. Бұл кітап жазылған дәуірде бұл дүниелерді әрі оқушы түсіне алатын, әрі оны оңай есте сақтай алатын түрде жазғанын ескерер болсақ, Әдіп Ахметтің бұл істі ғажайып жасағанын мойындамау мүмкін емес. Бірнеше ғасыр өткеннен кейін де ғалымдар аталмыш шығарманың көшірмесін жасап, аударып, зерттеп, одан пайдалы ойлар алып жатқаны бұл туындының адамзатқа қаншалықты маңызды екенін көрсетіп отыр.

«Хибат-уль Хақайық» шығармасы діни-сопылық стильде жазылған. «Құтты білікке» қарағанда аталмыш кітапта араб және парсы тілдерінен енген сөздер өте көп. Жалпы араб және парсы тілінен енген сөздер 29%-ды құраған [7,78-б]. «Хибат-уль Хақайық» тіл жағынан да, орфография жағынан да өз заманында жазылған басқа шығармалармен салыстырғанда әлсіз деп айтуға болады. Аталмыш кітапта 1306 сөз қолданылған және көптеген қателер бар [8,290-б]. Алайда Р.Арат бұл қателерді автордың өзі емес, кітапты түпнұсқадан көшірген адамдар жасады [7,23-б] деген пікір айтып, Ахмет Йүгінекиді жан-жақты ақтауға тырысады.

Ахмет Йүгінекидің қандай да бір сопылық мектептің шәкірті болғанын дәлелдейтін еш дәйек жоқ. Ол өз шығармасында өз ұстазы туралы да, қандай да болсын шейх туралы да еш ақпарат бермеген. Осыған қарамастан, оның кітабын зерттеушілер арқылы Ахмет Йүгінеки сопы болған деген болжам айтады. Ахмет Йүгінекидің шығармасы толығымен сопылық стильде жазылған. Туындысы арқылы оның кішіпейіл, қарапайым, жақсы мінезді, өз заманында адамдардың арасында мәртебелі және құрметті адам болғанын, үгіт насихаттарын адамдар өте жақсы қабыл алған деп ойлаймыз.

Шығарма 14 бөлімнен тұрады. Шығарманың басындағы мінәжат, мадақ және кітап жайлы кіріспе бөлімі тәухидпен басталады. Бұл бөлім қасыйда түрінде жазылған және 80 бейітті құрайды. Тоғыз бөлімнен тұратын негізгі мәтін болса, түркілердің өздеріне тән назым түрінде жазылған. Негізгі бөлім 101 төрт жолдық жырдан тұрады. Осыдан кейін Мұхаммет Дад Ыспахсалар Бекке мадақ және шығарманың жазылу мақсаты айтылады.

Насихат мақсатында жазылған «Хибат-уль Хақайықта» білімнің пайдасы, білімсіздіктің зияны, ауызға ие болу, артық сөз сөйлемей, жомарттықтың игілігі мен сараңдықтың жамандығы, кішіпейіл болудың маңызы, тәкаппарлықтың нашар мінез екендігі туралы айтылған. Ахмет Йүгінекидің ойынша, білімнің пайдасы немесе білімсіздіктің зияны айқын көрінеді. Білім – бақытқа жетелейтін жол. Сүйектегі май сүйек үшін қаншалықты пайдалы болса, білім де адам үшін соншалықты пайдалы. Білімсіз адам ешкім емес. Білімсізге айтылған сөздің де, үгіт-насихаттың да еш пайдасы жоқ. Білімнің негізін құрайтын ақыл адамның шынайы көркі.

«Хибат-уль Хақайық» шығармасын оқып, саралағаннан кейін мынадай қорытындыға келдім: аталмыш шығарма діни және тәрбиелік мақсатта, өз дәуірінің сенім мен мәдениет ортасына сай етіп, халық түсіне алатын қарапайым тілмен жазылған. Автор жазған ойларын аят жолдарымен және хадистермен толықтырады. Осыған қарап, еңбектің толығымен діни негізде жазылғанын айтуға болады. Кейінгі ұрпақтың аталмыш шығарманы көшіріп жазып, оқуы оның дін тәрбиесі жағынан көп үлес қосқанын көрсетеді [4,267-б]. Аллаға мадақ бөліміндегі өлең жолдарынан Ахмет Йүгінекидің Құран Кәрімді жақсы меңгергені және өз өлеңдерін Қасиетті кітаптың аяттарымен байланыстыра отырып жазғаны байқалады:

Жанды-жансыз, ұшатын құстар мен жануарлар

Сенің бар екенің дәлел болады

...

Мені жоқтан жараттың,

Қайтадан жоқ қылып, қайта жаратасың

Осыған сенемін.

....

Өліден тірі, тіріден өлі шығарады

Осына жақсылап ойлап қой...

Жоғарыдағы үш түрлі өлең жолдарының түбінде Құран аяттарының жатқаны байқалады. Бұл шығармада талқыланатын мәселелерді жоғарыда айтып өткен болатынбыз (сараңдық, надандық, адалдық, мейірімділік тб.). Бұл мәселелер де Құран мен хадисте талқыланған, яғни автор мұны өз ойынан алған жоқ – Алланың сөзін меңгеру арқылы бізге ақ пен қараны ажырату үшін мұсылмандардың тірегі болған кітаптарға жүгіну керектігін көрсетеді.

Олай болса, Ахмет Йүгінекидің кітабындағы бақытқа кенелудің кілті (жолы) – екі дүниенің бақытына қол жеткізу. Яғни осы дүниеде бақытты болу және о дүниеде жәннатқа түсу. Автордың сөзі бойынша екі дүниенің бақытына қол жеткізу үшін қажетті іс-әрекеттер төмендегідей:

1. Толыққанды мұсылман болу мұсылман болу;
2. Аллаға құлшылық ету, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) жолын ұстану;
3. Ақ пен қараны ажырату үшін Құран мен хадиске (Алланың сөзіне) жүгіну;
4. Білім алу, ғылыммен айналысу
5. ауызға ие болу, артық сөз сөйлемей,
6. жомарт болу, сараңдықтан аулақ тұру;
7. кішіпейіл болу, тәкаппарлыққа бой бермеу.

Сайып келгенде, тоқсан сөздің тобықтай түйінін бір ғана сөйлеммен айтуға болады. Бақытқа жетудің жолы – Исламның қағидаларымен өмір сүру.

Қолданылған дереккөздер тізімі

1. Н.Келімбетов. Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы: Атамұра, 2005, 177-б.
2. R.Arat. Atabetül Nakayık. – Ankara, 1951, 83-б.
3. Н.Келімбетов. Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы: Мектеп баспасы, 1991, 177-б.
4. N.Kelimbetov. çev. A.Kara. Türk Halklarının Ortak Edebi Eserleri. – İstanbul: Alatau, 2010, 144-б.
5. Y.S.Eker. Türkçe İslami Terimler Kaynakları Üzerine. – İstanbul:Bilig, yaz 2006, 15-б.
6. Z.Önler. Karahanlı Dönemi Metinlerinde İnançla İlgili. –U.Ü.Fen-edebiyat fakültesi, №16,2009, 84-б.
7. Üşenmez E. Karahanlı Eserlerindeki Söz Varlığı Hakkında //Akademik İncelemeler, cilt 3, №1, 2008, 78-б.
8. M. Ölmez. Türk Dilleri Araştırmaları.Türkçede Dini Tabirler Üzerine. – İstanbul, 2005, 290-б.

УДК 37.091.27 (510)

ҚЫТАЙДЫҢ ЕРТЕДЕГІ ДӘСТҮРЛІ ҚЫЖҮЙ ЕМТИХАН ЖҮЙЕСІ

Бейсен Айнұр

010ablove@163.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің аға оқытушысы, Астана, Қазақстан

Кыжүй (Кэцзюй) емтиханы – патшалық дәуірде қытай қоғамындағы дарындыларды мемлекетік жоғары лауазымдық қызметтерге іріктеп, тағайындау үшін жүргізілетін емтихан түрі. Бұл көне қытай замандағы ең маңызды саяси түзімдердің бірі, оның қоғам өмірі мен мәдениетке жасаған ықпалы орасан болды. Емтихан адамдардың жікке, тапқа бөлінушілігін ұлғайтып, аз сандағы емтиханнан өткен зиялы қауым (士大夫) тобын басқалардан айырықша